



6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ

АСТАНА – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАРҚЫН ШЕЖІРЕСІ



Коллаж авторы: Г.ЖАНСУАЙАН

ЕЛОРДА – КЕЗ КЕЛГЕН МЕМЛЕКЕТТІҢ САЯСИ, ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖӘНЕ РУ-ХАНИ КЕЛБЕТІН АЙҚЫНДАЙТЫН БАСТЫ ОРТАЛЫҚ. АЛ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БАС ҚАЛАСЫ АСТАНА – ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ СИМВОЛЫ, ЖАСАМПАЗДЫҚТЫҢ ЖАРҚЫН ҮЛГІСІ. БҮГІНДЕ ӘЛЕМ МОЙЫНДАҒАН ЗАМАНАУИ ШАҒАРДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЖОЛЫ ЕЛІМІЗДІҢ ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІМЕН АСТА-СЫП ЖАТЫР. АЗ ҒАНА УАҚЫТ ІШІНДЕ ҰЛАН-ҒАЙЫР ДАЛАНЫҢ ТӨСІНДЕ БОЙ КӨТЕРГЕН АСТАНА БҮГІНДЕ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАУЫМДАСТЫҚ МОЙЫНДАҒАН, СӘУЛЕТІ МЕН СӘНІ КЕЛІСКЕН, ҚАРҚЫНДЫ ДАМЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН МЕГА-ПОЛИСКЕ АЙНАЛДЫ. СОНДЫҚТАН ДА 6 ШІЛДЕ – АСТАНА КҮНІ МЕРЕКЕСІ ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ АЙТУЛЫ КҮНДЕРДІҢ БІРІ САНАЛАДЫ. ОСЫҒАН ОРАЙ ГАЗЕТІМІЗДІҢ БҮГІНГІ САНЫНДА ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ НЫШАНЫНА АЙНАЛҒАН ЕЛОРДАМЫЗДЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА, БҮГІНГІ ТЫНЫС-ТІРШІЛІГІНЕ ЖӘНЕ БОЛАШАҚ ДАМУ БАҒЫТЫНА ТОҚТАЛМАҚПЫЗ.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ КҮШІНЕ ЕНУІНЕ ОРАЙ ҮНДЕУІ

Құрметті отандастар!

Жаңа Конституциямыздың заңды күшіне енуі — бүкіл еліміз үшін айрықша маңызды оқиға. Баршаңызды шын жүректен құттықтаймын!

Бүгін тәуелсіз Қазақстан тарихының жаңа дәуірі басталады. Біз саяси-экономикалық реформалардың, ауқымды өзгерістердің және қарқынды дамудың даңғыл жолына түсеміз.

Осы ерекше күн еліміздің бүкіл саяси жүйесін, сондай-ақ мемлекеттің және азаматтық қоғамның негізгі институттарын түбегейлі жаңғырту кезеңі басталғанын аңғартады.

15 наурызда өткен жалпыұлттық референдумда Қазақстан халқы ел тағдырына тікелей ықпал ететін және мемлекеттің ондаған жылдарға арналған даму бағдарын айқындайтын таңдауын жасады. Миллиондаған отандасымыз берекелі бірлік танытып, шынайы отаншылдық пен жоғары жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетті. Бұл тарихи шешімнің төл шежіремізде алтын әріппен жазылатыны анық.

Бұдан былай Конституция күні «Наурызnama» онкүндігімен қатар аталып өтеді. Мұның символдық мәні зор. Конституция күні ел ішінде ғасырлар бойы орныққан көктемгі жаңару дәстүрлерін Ата заңның басты қағидаттарымен тоғыстырады, яғни азаматтарымыздың ырысты ынтымаққа, озық білімге, ел игілігі жолында адал еңбек етуге деген талпынысымен үндеседі.

Біз нағыз Халық Конституциясының мызғымас құқықтық негізіне арқа сүйеп, барлық мақсат-мұраттарымызға міндетті түрде жетеміз. Заң мен Тәртіп, Еңбексүйіштілік пен Өрлеу, Тазалық пен Табиғатты аялау сынды жасампаздық құндылықтарын қоғамда берік орнықтырамыз. Бұған еш күмәнім жоқ.

Біз бірілігі бекем, біртұтас ұлт ретінде әлемдік өркениеттің шыңын бағындырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін және барлық азаматтың жан-жақты дамуына жол ашатын мемлекетті — Әділетті Қазақстанды құрамыз!

Қастерлі Отанымызды көркейту жолындағы жоспарларымызды ойдағыдай орындаймыз. Мен бұған кәміл сенемін!

Қазақстан Республикасы жасай берсін!
Халқымыз мәңгі жасасын!

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚҰРЫЛАЙЫНЫҢ САЙЛАУЫН ТАҒАЙЫНДАУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасы Конституциясының 46-бабының 3) тармақшасына және 95-бабының 1-тармағына сәйкес ҚАЗҰЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлау 2026 жылғы 23 тамызға тағайындалсын.
2. Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауға дайындықты және оны өткізуді ұйымдастырсын.
3. Қазақстан Республикасының Үкіметі, астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері Қазақстан Республикасы Құрылтайының депутаттарын сайлауды ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық және қаржылық қамтамасыз ету жөніндегі барлық қажетті шараларды кідіріссіз қабылдасын.
4. Осы Жарлық жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қ.Тоқаев

Астана, Ақорда, 2026 жылғы 1 шілде
№ 1338

ТҮРҒЫН ҮЙ

Д.МАРАТУЛЫ



12 ОТБАСЫ баспаналы болды

БҮГІНДЕ БАСПАНАЛЫ БОЛУ – ӘР
ОТБАСЫ ҮШІН ҮЛКЕН ҚУАНЫШ ӘРІ
ЖАРҚЫН БОЛАШАҚҚА БАСТАР
МАҢЫЗДЫ ҚАДАМ.

ОСЫ ТҮРҒЫДАН СӨЗ ҚОЗҒАЙТЫН
БОЛСАҚ, СОҢҒЫ ЖЫЛДАРЫ
МҰНАЙЛЫ МЕКЕНДЕ ПАЙДАЛАНУҒА
БЕРІЛГЕН ТҮРҒЫН
ҮЙ САНЫ АРТЫП КЕЛЕДІ.



Жүйелі жұмыстардың нәтижесінде бүгінгі күні сүйіншілетіп, қоныс тойын тойлап жатқан аудан тұрғындары үшін апта басы қуанышты жаңалықпен басталған болатын. Аудан әкімі Азамат Мәмбетов Доссор кентінен осал топ санатындағы 12 отбасына 2 пәтерлі 6 жаңа тұрғын үйдің кілтін салтанатты түрде табыстады.

Табыстау барысында аудан әкімі Азамат

Саматұлы халықты баспанамен қамту мемлекет назарындағы маңызды бағыттарының бірі екендігін айтып, бұл жұмыстардың жүйелі түрде жалғасатындығын жеткізді.

Сондай-ақ бүгінгі қоныс иелерін жаңа баспаналарымен құттықтап, шаңырақтарына құт-береке тіледі.

Суреттер автордікі

ҚҰРЫЛТАЙ 23 тамыз



Орталық сайлау комиссиясының ҮНДЕУІ

ҚҰРМЕТТІ САЙЛАУШЫ!

2026 жылғы 23 тамызда Қазақстан Республикасының тарихында тұңғыш рет Құрылтай депутаттарын сайлау өтеді.

Сіздерді еліміздің одан әрі дамуындағы жаңа кезеңді белгілейтін тарихи оқиғаның қатысушысы бола отырып, азаматтық жауапкершілік танытуға және конституциялық құқығыңызды іске асыруға шақырамыз.

Сіздің сайлауға қатысуға конституциялық құқығыңызды іске асыруыңыздың кепілі - Сіздің Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқылы сайлаушылар тізіміне енгізілуіңіз.

Сайлаушылардың тізімдерін жергілікті атқарушы органдар Сіздің тұрғылықты жеріңіз бойынша тиісті сайлау учаскесінің аумағында тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар сайлаушылар тізімдеріне жергілікті атқарушы органға берген өтініші негізінде тұрақты тіркелген жері бойынша тізімнен шығарыла отырып, енгізіледі.

Сайлау учаскелерінің шекаралары және учаскелік сайлау комиссияларының орналасқан жерлері туралы мәліметтерді тиісті әкімдер 2026 жылғы 16 шілдеге дейін жариялайтын болады.

Сіз өзіңіздің тіркелген жеріңіз бойынша жергілікті атқарушы органға жүгініп, өзіңіздің сайлау учаскеніңізді және тізімге енгізілгеніңізді тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

Сізге ыңғайлы болу үшін, жазғы демалыс факторын ескере отырып, Сіздің есептен шығару куәлігін алу және өз елді мекеніңізден тыс жерде дауыс беру мүмкіндігіңіз бар.

2026 жылғы 7 тамыздан бастап өзіңіздің сайлау учаскеніңізге Сізге Құрылтай депутаттарын сайлауға қатысуға құқығы бар сайлаушылардың тізіміндегі өзіңіз туралы мәліметтерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Өзгерістер енгізу немесе нақтылау қажет болған жағдайда учаскелік сайлау комиссиясына өтінішпен жүгінуге құқылысыз.



makat70@mail.ru



Мақат тынысы



maqat_tynysy

Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы барлық мүдделі тараптарды «Атырау облысындағы құрлық кешеніне 2026 жылға экологиялық әсер ету рұқсатын алуға өтінім құжаттарының жиынтығы» тақырыбы бойынша ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдауға шақырады.

Өтетін күні мен уақыты: 2026 жылғы 11 тамыз , сағат 10:00
Өтетін орны: Атырау облысы, Мақат ауданы, Доссор кенті, Г. Сүлейменова көшесі, 39, Мәдениет үйі.

Учаскенің географиялық координаттары: 47°15'19.980», 52°21'43.294».47°15'19.980», 52°21'43.294».

Әсер ету аймағының географиялық координаттары:
Оңтүстік — ендік: 47°11'05.40», 52°31'13.20».
Солтүстік — ендік: 47°18'19.14», 52°33'18.98».

Батыс — ендік: 47°14'13.94», 52°22'29.23».
Шығыс — ендік: 47°13'37.25», 52°35'03.62».

Сондай-ақ қоғамдық тыңдауға қатысу мүмкіндігі ZOOM платформасында бейнеконференция байланысы арқылы келесі сілтеме бойынша ұйымдастырылған:
https://zoom.us/j/96173899364?pwd=JTePAmsYnKuULbjaVbMuLRgKkwmPVp.1
Конференция идентификаторы: 961 7389 9364
Кіру коды: 098866

Бастамашы: «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» филиалы, БСН 000241000874, Атырау қаласы, Смағұлов көшесі, 8-үй, тел.: + 7 (7122) 92 27 03

Әзірлеушілер:
«ЭКО-Астана НР» ЖШС, мекенжайы: Астана қ., Сығанақ көш., 58/1 үй, 10 кеңсе, эл. пошта мекенжайы: manager@ecoastana.kz телефон: + 7(7172) 33 04 37
«ЭКОЭКСПЕРТ» ЖШС, Қарағанды қаласы, Лобода көшесі, 40, тел.: + 7(7212) 42 56 17, + 7 (7212) 90 46 18, + 7 700 484 7790, эл. адрес: info@ecoexpert.kz
«Sustainable ecology development» ЖШС, Алматы қаласы, Асқаров көшесі, 3, тел. + 7 727 247 23 23, + 7 727 247 26 26, + 7 727 247 26 36, эл. пошта: sed@sed.kz
Жобалық құжаттама келесі сайттарда орналастырылған: https://ndbecology.gov.kz
https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat?lang=ru

Қоғамдық тыңдауға шығарылатын құжаттарға қатысты ескертулер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» ақпараттық жүйесінде https://ndbecology.gov.kz орналастырылады, сондай-ақ «Атырау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ атына жолданады: Атырау облысы, Атырау қ., Әйтеке би көшесі, 77, e-mail: atr.priroda@atyrau.gov.kz, Тел.: + 7 (7122) 35-4591.

* Бағдарлама

ЖАС МАМАН, АУЫЛҒА ҚАРАЙ БАС ҚАДАМ!

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 6 қарашадағы «Ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешен саласындағы мамандарға, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілеріне әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну қағидаларын бекіту туралы» №72 бұйрығы негізінде, Мақат ауданы бойынша әлеуметтік қолдау шараларын ұсыну үшін ауданның жергілікті атқарушы органдарынан тускен сұраныстарына сәйкес 2026 жылдың ІІІ тоқсаны бойынша сұранысқа ие қажетті мамандықтардың тізбесі қалыптастырылып, аудан әкімінің қаулысымен бекітілді. Тізбеде көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түрінде әлеуметтік қолдау шаралары көрсетілетін қызметті алушылардың мамандықтарының атауы және олардың орналасқан мекеме атауы мен саны көрсетілген, бекітілген тізбе «Мақат ауданының әкімдігі-gov.kz», Фейсбук «Экономика және қаржы бөлімі», инстаграм «maqat_ekonomika_karzhu» әлеуметтік желілер арқылы интернет сайтына және «Отбасы банк» порталының интернет-ресурсына жарияланды.

Көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес 2026 жылға бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады. Берілетін бір реттік көтерме жәрдемақы 100 АЕК; Тұрғын үй сатып алуға немесе салу үшін берілетін бюджеттік несие:

- ауданның әкімшілік орталығы болып табылатын ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2500 (екі мың бес жүз) еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын сомада;
- ауылдық елді мекендерге келген мамандар үшін 2000 (екі мың) еселенген айлық есептік көрсеткіштің мөлшерінен аспайтын сомада.

Тұрғын үй сатып алуға бюджеттік несие 15 жыл мерзімге беріледі, несие бойынша сыйақы ставкасы несие сомасының жылдық 1%-ы мөлшерінде белгіленген.

Тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит түріндегі әлеуметтік қолдау шаралары жақын туыстарынан (жұбайынан (зайыбынан), атасынан (әжесінен), ата-аналарынан (оның ішінде асырап алушылардан), балаларынан (оның ішінде асырап алынғандарынан), ата-анасы бір және ата-анасы бөлек аға-інілері мен апа-қарындастарынан) тұрғын үй-жай сатып алуға, сондай-ақ азамат тұрақты тұратын тұрғын үй-жайды сатып алуға болайды.

Әлеуметтік қолдау шаралары бұрын берілген кредиттер бойынша өтелмеген мерзімі өткен берешегі жоқ, сондай-ақ соңғы 2 (екі) жылда күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен астам мерзімі өткен берешегі жоқ алушыларға ұсынылады.

Әлеуметтік қолдау шарасын алған маман елді мекенінде орналасқан (денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт, агроөнеркәсіптік кешен, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер әкімдері аппараттарының мемлекеттік қызметшілері) ұйымында кемінде 3 жыл қызмет істеуге келісім шартпен міндеттеме қабылдайды, маман келісім шартты бұзған жағдайда тұрғын үй сатып алу үшін алынған бюджеттік кредитті және көтерме жәрдемақыны кері бюджетке толығымен қайтарады.

Әлеуметтік қолдау шаралары otbasybank.kz/program-bank Баспана рынок жылжымайтын мүлік порталы арқылы көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушыларға көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит беру тиісті қаржы жылына арналған міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландыру жоспарларына сәйкес бөлінген сома шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік қолдау шараларын алу үшін көрсетілетін қызметті алушы электрондық цифрлық қолтаңбаның (бұдан әрі — ЭЦҚ) көмегімен немесе бір реттік парольмен куәландырылған Порталда тіркеуді жүзеге асырады және көрсетілетін қызметті берушіге otbasybank.kz/program-bank Баспана рынок жылжымайтын мүлік порталы арқылы мынадай құжаттарды ұсынады:

- Көтерме жәрдемақы алған кезде:
 - Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;



Дипломмен-ауылға

- тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит алған кезде:
 - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - Кредиттік бюродан есеп;
- тұрғын үй салуға бюджеттік кредит алған кезде:
 - осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;
 - жеке басты куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - білімі туралы диплом не цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - көрсетілетін қызметті алушының еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
 - неке қию (ерлі-зайыптылық) туралы куәлік не некеде тұрған көрсетілетін қызметті алушылар үшін цифрлық құжаттар сервисінен электрондық құжат (сәйкестендіру үшін);
 - Кредиттік бюродан есеп.
- Неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәлік.
- Жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтер.
- Тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтер.
- Алушының, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы мәліметтер.
- Алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану тұрғыны туралы анықтама.
- 1) тұрғын үй сатып алуға бюджеттік кредит беру кезінде:
 - сатып алынатын жылжымайтын мүлікті бағалау актісі;
 - сатып алынатын тұрғын үйдің құны берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асқан кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісім;
- 2) тұрғын үй салуға бюджеттік кредит беру кезінде:
 - кепіл мүлкін бағалау актісі;
 - кепіл мүлкін сақтандыру шарты;
 - тұрғын үй салу кезіндегі шығыстар берілетін бюджеттік кредит мөлшерінен асып кеткен кезде қоса қаржыландыруға жазбаша келісім.”;
- Көтерме жәрдемақы және тұрғын үй сатып алуға немесе салуға бюджеттік кредит алуға бір мезгілде өтініш беруге жол беріледі.
- Портал арқылы жүгінген кезде өтінішке көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ немесе бір реттік парольмен куәландырылған көрсетілген құжаттардың (тиісті ақпараттың жүйелерден алынатын құжаттарды қоспағанда) электрондық (сканерленген) көшірмелері қоса тіркеледі.
- Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтерді, неке қиюды (ерлі-зайыптылықты) мемлекеттік тіркеу туралы куәліктерді, жылжымайтын мүлікке тіркелген құқықтар (ауыртпалықтар) туралы мәліметтерді, тұрғылықты жері бойынша тіркелуі туралы мәліметтерді, көрсетілетін қызметті алушының, оның жұбайының және балаларының жылжымайтын мүлкінің болмауы (болуы) туралы, көрсетілетін қызметті алушының атына тұрғын үй салуға берілген жер учаскесін пайдалану құқығы туралы анықтамаларды, еңбек қызметі бойынша мәліметтерді, ортадан кейінгі, техникалық, кәсіптік және/немесе жоғары білім дипломының болуы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші Порталдан алады.

Аудандық экономика және қаржы бөлімі

* Сұхбат

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ КҮШЕЙТІЛДІ



Коллаж авторы: Г.ЖАНСУЛАН

Тілші: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамаға қандай негізгі өзгерістер енгізілді?

А.Абсиметов: Заңнамадағы елеулі өзгерістердің бірі – сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты іске асыратын уәкілетті органдардың құзыреттерінің нақты бөлінуі. Бүгінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатты қалыптастыру және үйлестіру жөніндегі уәкілетті орган ретінде Мемлекеттік қызмет істері агенттігі айқындалды. Яғни Агенттік осы саладағы мемлекеттік саясатты үйлестіретін негізгі орган болып табылады. Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын уәкілетті орган – Ұлттық қауіпсіздік комитеті.

Сонымен қатар маңызды өзгерістердің бірі – заңнамада жақын туыстар ұғымының қолданылу аясының кеңейтілуі. Енді қолданыстағы заңнамада жақын туыстармен қатар өзге де байланысты тұлғалар ұғымы енгізілді. Оларға: асырап алынғандардың жұбайлары, ата-анасы бір және ата-анасының біреуі ғана ортақ аға-інілері мен апа-сіңлілерінің жұбайлары мен балалары, ата-анасының біреуі ғана ортақ аға-інілері мен апа-сіңлілері және олардың балалары, онымен ортақ шаруашылық жүргізетін тұлғалар, оның асырауындағы тұлғалар, бұрынғы жұбайы (бұрынғы зайыбы).

Сонымен қатар жаңа заңға сәйкес мүдделер қақтығысы институты кеңейтілді. Бұрын заңнамада мүдделер қақтығысы жалпы ұғым ретінде қарастырылса, енді оның үш түрі айқындалды: ықтимал мүдделер қақтығысы, нақты мүдделер қақтығысы және орын алған мүдделер қақтығысы. Бұл өзгерістер мүдделер қақтығысын ерте кезеңде анықтауға, оның алдын алуға және туындаған жағдайда тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ заңнамада сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алуға бағытталған бірқатар шектеулер мен талаптар көзделген. Атап айтқанда, мемлекеттік қызметшілерге қызметтік өкілеттіктерін және мүдделеріне пайдалануына, заңсыз сыйақылар мен артықшылықтар алуына, шетелдік банкттерде шоттарды ашуға, мемлекеттік қызметпен сыйыспайтын қызмет түрлерімен айналысуына, сондай-ақ олардың тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына күмән келтіретін өзге де әрекеттер жасауына жол берілмейді.

Тілші: Мүдделер қақтығысы жайында кеңірек қозғасаңыз. Мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда қандай шаралар қабылдану қажет? Мүдделер қақтығысы туралы хабарламағаны үшін жауапкершілік көзделген бе? Нәліктен мүдделер қақтығысына ерекше на-

зар аударылады?

А.Абсиметов: Мүдделер қақтығысы – мемлекеттік қызметшінің немесе онымен байланысты жеке мүдделері оның лауазымдық міндеттерін объективті әрі бейтарап орындауына ықпал ететін немесе осындай ықпал ету қаупін тудыратын жағдай.

Жаңа заңға сәйкес мүдделер қақтығысы институты жетілдіріліп, оның үш түрі айқындалды: ықтимал мүдделер қақтығысы – жеке мүдденің болашақта қызметтік міндеттерді орындауға әсер ету қаупі туындауы мүмкін жағдай; - нақты мүдделер қақтығысы – жеке мүдде қызметтік міндеттерді орындау кезінде объективтілік пен бейтараптыққа нақты әсер етуі мүмкін жағдай; - орын алған мүдделер қақтығысы – жеке мүдденің ықпалымен шешім қабылданған немесе әрекет жасалған жағдай.

Мұндай жіктеу мүдделер қақтығысын ерте кезеңде анықтауға, оның алдын алуға және туындаған жағдайда тиімді реттеуге мүмкіндік береді.

Нақты немесе ықтимал мүдделер қақтығысы туындаған жағдайда мемлекеттік қызметші бұл туралы тікелей басшысына хабарлап, оны реттеу жөнінде қажетті шараларды қабылдауға міндетті. Қажет болған жағдайда қызметші тиісті шешім қабылдау процесінен шеттетіледі немесе мүдделер қақтығысын жоюға бағытталған өзге де шаралар қолданылады.

Мүдделер қақтығысы туралы хабарлау міндетін орындамау немесе жеке мүдделілік жағдайында шешім қабылдау тәртіптік, әкімшілік, ал мұндай әрекеттерде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының белгілері болған жағдайда қымыстық жауаптылыққа әкеп соғуы мүмкін.

Мүдделер қақтығысының алдын алу – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі құралдарының бірі. Жеке мүдде туындаған сәттен бастап ықтимал тәуекелдерді дер кезінде анықтап, оларды жою бойынша қажетті шараларды қабылдау мемлекеттік аппараттың ашықтығы мен тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Бұл өз кезегінде азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сенімін нығайтып, шешімдердің тек қоғамдық мүдде негізінде қабылдануын қамтамасыз етеді.

Соңғы заңнамалық өзгерістер де мүдделер қақтығысының алдын алу тетіктерін күшейтуге бағытталған. Бұл бағыттағы талаптардың нақтылануы мен жауапкершілік тетіктерінің жетілдірілуі мемлекеттік қызметте адалдық қағидаттарын нығайтып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін барынша төмендетуге мүмкіндік береді.

Тілші: Мүдделер қақтығысына қатысты

статистикаға сүйенсек, мемлекеттік қызметте мұндай жағдайлар қаншалықты жиі кездеседі?

А.Абсиметов: Жалпы, жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдар, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдар мен оларға теңестірілген адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірқатар шектеулерді қабылдайды, яғни:

- мемлекеттік функцияларды орындаумен сыйыспайтын қызметті жүзеге асыру;
- жақын туыстарының, жұбайлары (зайыптары) мен жекжаттарының бірге қызмет (жұмыс) істеуіне жол бермеу;
- мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында, ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдалану;
- материалдық сыйақыны, сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді ұсынған адамдардың пайдасына әрекеттері (әрекетсіздігі) үшін, оларды қабылдау;
- ҚР шегінен тыс жерде орналасқан шетелдік банкттерде шоттарды (сәлемдмдарды) ашу және иелену, шетелдік банкттерде қолма-қол ақша мен құндылықтарды сақтау;
- ойын мекемелерінде құмар ойындарға және (немесе) бас тігуге қатысу.

Нақты деректерге сүйенсек, мысалы, 2026 жылдың басынан бастап мүдделер қақтығысын тудыратын 6 жағдай тіркелсе, тыйым салынған адамдардың коммерциялық ұйымды басқаруға қатысудың 4 жағдайы тіркелді.

Сондай-ақ, ойын мекемесіне барған 2 қызметкер лауазымдарынан босатылды.

Бұдан өзге, қаржылық бақылау шараларын жүзеге асыру мақсатында аталып өткен адамдар активтері мен міндеттемелері туралы және кірістері мен мүлкі туралы декларацияларды ұсынуы тиістігіне қарамастан, мұндай талаптарды бұзған 3 мемлекеттік қызметшіге әкімшілік хаттамалар тоалтырылып, жауаптылыққа тартылды.

Сонымен қатар, Депамент жанындағы Әдеп жөніндегі кеңесте тиісті мемлекеттік орган басшысының мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқарғаны үшін өзге ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдау түріндегі бұзушылыққа жол бергені үшін, лауазымды тұлға атқаратын лауазымынан босатылған болатын.

Аталған фактілер бойынша Департаментпен тиісті шаралар қабылданды. Мұндай жағдайларға Департамент тұрақты негізде мониторинг жасап отырады.

Өз тілшіміз